

Ұлытау облысы бойынша ауызсуды беру жөніндегі қызметтердің құны субсидиялауға жататын сумен жабдықтау жүйелерінен берілген ауызсудың бір текше метріне төлемақы мөлшерін бекіту туралы

Ұлытау облыстық мәслихатының 2025 жылғы 19 желтоқсандағы № 292 шешімі

"Қазақстан Республикасының Су кодексінің" 26 бабының 2 тармағына және Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2025 жылғы 22 тамыздағы № 306 "Ауызсу беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құны субсидиялауға жататын сумен жабдықтау жүйелерінің тізбесіне енгізілген сумен жабдықтау жүйелерінен ауызсу беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 213665 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес жоба әзірленді Ұлытау облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ұлытау облысы бойынша ауызсуды беру жөніндегі қызметтердің құны субсидиялауға жататын сумен жабдықтау жүйелерінен берілген ауызсудың бір текше метріне төлемақы мөлшері осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Ұлытау облыстық мәслихатының IV сессиясының 2023 жылғы 26 шілдедегі №53 "Ұлытау облысы бойынша ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың ерекше маңызды топтық және оқшау жүйелерінен халыққа берілген ауызсудың бір текше метрі үшін төлемақы мөлшерін бекіту туралы" шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлытау облыстық мәслихатының төрағасы

Б. Шингисов

Ұлытау облыстық
мәслихатының XXX
сессиясының 2025 жылғы 19
желтоқсандағы
№292 шешіміне
қосымшасы

Ұлытау облысы бойынша ауызсуды беру жөніндегі қызметтердің құны субсидиялауға жататын сумен жабдықтау жүйелерінен берілген ауызсудың бір текше метріне төлемақы мөлшері

№	Тұтынушылар атауы	Төлем мөлшері, теңге/м3 (ҚҚС есебінсіз)
1.	Халық	91,04
	Бір адамға тәулігіне 140 (жүз қырық) литр су тұтыну	

2.	нормативінен асқан жағдайда төлем мөлшері	118,35
----	--	--------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК